

Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін және Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 81 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13217 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 14.08.2023 № 311-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 14.08.2023 № 311-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтары күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сыртқы сауда қызметін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына оның көшірмелерінің баспа және электрондық түрде жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 ақпаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2016 жылғы 17 ақпан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2016 жылғы 17 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 17 ақпандағы
№ 81 бұйрығына
1-қосымша

Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесі, мөлшерлемелер көлемі және олардың қолданылу мерзімі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 14.08.2023 № 311-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 21.08.2024 № 310-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.02.2025 № 47-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-бөлім. Әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлардың жекелеген түрлері, мөлшерлемелер көлемі және олардың қолданылу мерзімі

№ р/с	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық	Тауардың атауы ¹	Әкетуге қатысты кедендік баж мөлшерлемесі	Кедендік бажын қолдану мерзімі

	қызметі тауар номенклатурасының коды		Қазақстан Республикасының аумағынан ²	
1	2	3	4	5
1.	4101	Ірі қара малдың (қодастарды қоса алғанда) немесе жылқы тұқымдас (жас немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, пикелденген немесе өзге әдіспен консервіленген, иленбеген, бірақ пергаментке келтіріліп өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге түспеген) жануарлардың түгі бар немесе түксіз, бөлінген немесе бөлінбеген, өңделмеген терілері	1 тоннасына 100 еуро	2023 жылғы 31 жетоксанды қоса алғанға дейін
			1 тоннасына 200 еуро	2024 жылғы 1 қаңтардан бастап
2.	4102	Осы топқа 1(в) ескертпемен алып тасталғандардан басқа, қойлардың немесе қозылардың (жас немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, пикелденген немесе өзге әдіспен консервіленген, иленбеген, бірақ пергаментке келтіріліп өңделген немесе одан әрі өңдеуге түспеген) жүні бар немесе жүнсіз, бөлінген немесе бөлінбеген, өңделмеген терілері	0	2023 жылғы 31 жетоксанды қоса алғанға дейін
			1 тоннасына 200 еуро	2024 жылғы 1 қаңтардан бастап
		Осы топтағы 1(б) немесе 1(в) ескертпемен алып тасталғандардан басқа, түкті немесе түксіз, бөлінген	0	2023 жылғы 31 жетоксанды қоса алғанға дейін

3.	4103	немесе бөлінбеген өңделмеген (жас немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, пикелденген немесе басқа әдіспен консервіленген, иленбеген, бірақ пергаментке келтіріліп өңделген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған), өзге де терілер	1 тоннасына 200 еуро	2024 жылғы 1 қаңтардан бастап
4.	5101	Кард немесе тарақпен тарауға ұшырамаған жүн	0	2024 жылғы 31 жетоксанды қоса алғанға дейін
			10 %, бірақ 1 тоннасына 50 еуродан кем емес	2025 жылғы 1 қаңтардан бастап
5.	5102	Кардтық немесе тарақпен тарауға ұшырамаған, биязы немесе қылшықты, жануарлар қылы	0	2024 жылғы 31 жетоксанды қоса алғанға дейін
			10 %, бірақ 1 тоннасына 50 еуродан кем емес	2025 жылғы 1 қаңтардан бастап
6.	5103	Иіру қалдықтарын қоспағанда, бірақ түтілген шикізатты жануарлар жүнінің немесе биязы немесе қылшықты қылының қалдықтары	0	2024 жылғы 31 жетоксанды қоса алғанға дейін
			10 %, бірақ 1 тоннасына 50 еуродан кем емес	2025 жылғы 1 қаңтардан бастап
7.	5104 00 000 0	Жүннен немесе жануарлардың биязы немесе қылшықты қылынан жасалған түтілген шикізат	0	2024 жылғы 31 жетоксанды қоса алғанға дейін
			10 %, бірақ 1 тоннасына 50 еуродан кем емес	2025 жылғы 1 қаңтардан бастап
8.	7204	Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қайта балқытуға арналған қара металдардың құйма металдары (шихталық құймалар)	5 %, бірақ 1 тоннасына 5 еуродан кем емес	тұрақты

9.	7302 7302 10 220 0 қоспағада	Темір жол немесе трамвай жолдары үшін пайдаланылатын, қара металдардан жасалған бұйымдар: рельстерді біріктіруге немесе бекітуге арналған рельстер, жанама рельстер және тісті рельстер, ауыстырылатын рельстер, қатаң қиылысу айқастырмалар, ауыстырылатын штангалар және өзге де көлденең қосылғыштар, шпалдар, түйіспе жапсырмалар және төсемдер, сыналар, тірек тақталар, ілмекті рельс бұрандамалары, төсемдер мен кергіштер, тұғырлар, жақтаулар және өзге де бөлшектер	15 %, бірақ 1 тоннасына 15 еуродан кем емес	тұрақты
10.	7404 00	Мыс қалдықтары мен сынықтары	10 %, бірақ 1 тоннасына 84 еуродан кем емес	тұрақты
11.	7601 20 200 1 7601 20 800 1	Авиациялық қозғалтқыштарды жасау үшін бастапқы алюминий қорытпалары	10 %, бірақ 1 тоннасына 76 еуродан кем емес	тұрақты
12.	7601 20 200 9 ³ 7601 20 800 9 ⁴	Бастапқы алюминий қорытпалары, өзгелері	10 %, бірақ 1 тоннасына 76 еуродан кем емес	тұрақты
13.	7601 20 800 2	Құйма немесе сұйық түріндегі қосымша алюминий қорытпалары	0	тұрақты
14.	7602 00	Алюминий қалдықтары мен сынықтары	10 %, бірақ 1 тоннасына 76 еуродан кем емес	тұрақты
15.	7802 00 000 0	Қорғасын қалдықтары мен сынықтары	10%	тұрақты

16.	7902 00 000 0	М ы р ы ш қалдықтары мен сынықтары	10%	тұрақты
17.	8101 97 000 0, 8102 97 000 0, 8103 20 000 0, 8103 30 000 0, 8103 99 000 0, 8104 11 000 0, 8104 20 000 0, 8106 10 000 0, 8106 90 000 0, 8108 20 000 1, 8108 20 000 3, 8108 20 000 6, 8108 30 000 0, 8110 10 000 0, 8110 20 000 0, 8111 00 110 0, 8112 12 000 0, 8112 13 000 0, 8112 21 900 0, 8112 22 000 0, 8112 41 000 9, 8112 69 000 1, 8112 92 410 0, 8112 92 810 0, 8112 99 400 0 қоспағанда 8101-811300	Өзге де бағалы емес металдар; металл керамика; олардан жасалған бұйымдар	10%	тұрақты
18.	8112 51 000 0	Өңделмеген таллий; ұнтақтар	5%	тұрақты
19.	8201-8215	Қымбат бағалы емес металдардан жасалған құрал-саймандар, керек-жарақтар, пышақ бұйымдары, қасықтар мен шанышқылар, олардың қымбат бағалы емес металдардан жасалған бөліктері	10%	тұрақты
20.	8607 19 100 1	Жиналған немесе бөлшектелген түрдегі біліктер; дөңгелектер және б ұ р ы н пайдаланылған оның бөлшектері	5 %	тұрақты
21.	1206 00	Күнбағыс тұқымы, ұсақталған және ұсақталмаған	20%, бірақ тоннасына 100 еуродан кем емес	тұрақты

Ескертпе:

¹ Әкету кедендік бажы мөлшерлемелерін қолдану мақсаты үшін тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасы кодтарымен ғана айқындалады. Тауарлардың атаулары пайдалануға ыңғайлы болу үшін келтірілген. <3> және <4> сілтемелерде көзделген жағдайлар ерекшелік болып табылады.

² Қазақстан Республикасы кедендік әкету баждарын төлеуден босатуды көздейтін екіжақты және көпжақты келісімдер жасасқан елдерді қоспағанда.

³ Кедендік әкету бажын төлеуден босатылған қосымша алюминий қорытпаларын қоспағанда.

⁴ Кедендік әкету баждарын төлеуден босатылған қосымша алюминий қорытпаларын, сонымен қатар алюминий-бериллий лигатурасын, сонымен қатар алюминий-скандий лигатурасын қоспағанда.

2-бөлім. Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға қолданылатын әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемі және олардың қолданылу мерзімі

№ р/с	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының коды	Тауардың атауы *	Әкетуге қатысты кедендік баж мөлшерлемесі		Кедендік бажын қолдану мерзімі
			Қазақстан Республикасының аумағынан *	Еркін сауда аймағы туралы шартқа қатысушы елдерге***	
1	2	3	4	5	6
1.	2709 00 900 9	Шикі мұнай	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 81 бұйрығымен бекітілген Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13217 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар)		тұрақты
2.	2710 12 110 1, 2710 12 150 1, 2710 12 900 2 қоспағанда 2710 12	Жеңіл дистилляттар мен өнімдер			
3.	2710 19 110 0, 2710 19 150 0, 2710 19 210 0, 2710 19 250 0, 2710 19 290 0	Орташа дистилляттар			
4.	2710 19 42, 2710 19 460 0	Ауыр дистилляттар: газойлдар			
5.	2707	Көмір шайырын жоғары температурада айдаудың майлары және басқа да өнімдері; хош иісті құрамдас		0	тұрақты

		бөліктердің массасы хош иісті емес бөліктердің массасынан асатын ұқсас өнімдер	1 тоннасына 60 доллар		
6.	2710 20 110 0, 2710 20 150 0, 2710 20 900 0	А у ы р дистилляттар: газойлдар: өзге де мақсаттар үшін	1 тоннасына 60 доллар	1 тоннасына 60 доллар	жыл сайын 16 қазаннан 14 ақпанды қоса алғанға дейін
			1 тоннасына 200 еуро	1 тоннасына 200 еуро	жыл сайын 15 ақпаннан 15 қазанды қоса алғанға дейін
7.	2710 19 310 0, 2710 19 350 0, 2710 19 480 0, 2710 20 190 0	А у ы р дистилляттар: газойлдар	Қағидаларға сәйкес		тұрақты
8.	2710 19 510 1, 2710 19 510 9 – 2710 19 550 9	А у ы р дистилляттар: сұйық отындар			
9.	2710 19 620 1, 2710 19 640 1, 2710 19 660 1, 2710 19 680 1, 2710 20 310 1, 2710 20 350 1, 2710 20 370 1, 2710 20 390 1	Мазуттар	1 тоннасына 30 доллар		тұрақты
10.	2710 19 620 9, 2710 19 640 9, 2710 19 660 9, 2710 19 680 9, 2710 20 310 9, 2710 20 350 9, 2710 20 370 9, 2710 20 390 9	А у ы р дистилляттар: сұйық отындар: өзге де мақсаттар үшін	1 тоннасына 60 доллар		тұрақты
11.	2710 19 710 0, 2710 19 750 0, 2710 19 820 0, 2710 19 840 0, 2710 19 860 0, 2710 19 880 0, 2710 19 920 0, 2710 19 940 0, 2710 19 980 0	Жағар майлар: өзгелері	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты
12.	2710 91 000 0, 2710 99 000 0	Өңделген мұнай өнімдері	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты
		Мұнай вазелині; парафин, микро			

13.	2712	кристалды мұнай балауызы, парафинді гач, озокерит, қоңыр бұрышты балауыз, шымтезек балауызы, басқа минералды балауыздар және синтез немесе басқа процестер нәтижесінде алынған, боялған немесе боялмаған ұқсас өнімдер	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты
14.	2713 20 000 0	Мұнай битумы	1 тоннасына 60 доллар	1 тоннасына 60 доллар	жыл сайын 1 маусымнан бастап 30 қыркүйекті қоса алғанға дейін
			1 тоннасына 15 еуро	1 тоннасына 15 еуро	жыл сайын 1 қазаннан бастап 31 мамырды қоса алғанға дейін
15.	2713 90 100 0, 2713 90 900 0	Битуминозды жыныстылардан алынған мұнай немесе мұнай өнімдерін қайта өңдеуден қалған өзге де қалдықтар	1 тоннасына 60 доллар	1 тоннасына 60 доллар	жыл сайын 16 сәуірден 14 қазанды қоса алғанға дейін
			1 тоннасына 15 еуро	1 тоннасына 15 еуро	жыл сайын 15 қазаннан 15 сәуірді қоса алғанда дейін
16.	2714	Табиғи, битум және асфальт; битуминозды немесе мұнай тақтатастары және битуминозды құмтастар; асфальтиттер және асфальт жыныстары	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты
17.	2715 00 000 0	Битум қоспалары	15 %	0	тұрақты
18.	2901	Ациклді көмірсутектер	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты

19.	2902	Циклдік көмірсутектер	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты
		Майлау материалдары (кесу құралдарына арналған майлау-салқындату эмульсияларын, болттарды немесе гайкаларды бұрап алуды жеңілдетуге арналған құралдарды, тотты кетіруге арналған құралдарды немесе майлау негізінде жасалған бұйымдарды қалыптардан алуды жеңілдетуге арналған коррозияға қарсы құралдар мен препараттарды қоса алғанда) және тоқыма материалдарын, былғарыны, жүнді немесе өзге де материалдарды май немесе маймен өңдеуге пайдаланылатын құралдар, битуминозды жыныстардан алынған мұнай немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп негізгі компоненттер ретінде 70% мас бар құралдардан басқа	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты
20.	3403				

21.	3811	Антидетонаторлар , антиоксиданттар , шайыр түзетін ингибиторлар, тұтқырлықты реттегіштер, коррозияға қарсы заттар пайдаланылатын басқа мұнай өнімдеріне (бензинді қоса алғанда) немесе сұйықтықтарға өзге де дайын қоспалар мұнай өнімдері сияқты мақсаттарда	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты
22.	3814 00	Күрделі органикалық, еріткіштер мен еріткіштер, басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған; бояуларды немесе лактарды кетіруге арналған дайын композициялар	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты
23.	3826 00	Биодизель және оның құрамында битуминозды жыныстардан алынған мұнай немесе мұнай өнімдерінің 70 % - дан кем мас. жоқ немесе бар қоспалары	1 тоннасына 60 доллар	0	тұрақты

Ескертпе:

* Әкету кедендік бажы мөлшерлемелерін қолдану мақсаты үшін тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасы кодтарымен ғана айқындалады. Тауарлардың атаулары пайдалануға ыңғайлы болу үшін келтірілген.

** Қазақстан Республикасы шикі мұнайға және мұнайдан өндірілген тауарларға қатысты кедендік әкету баждарын төлеуден босатуды көздейтін екіжақты және көпжақты келісімдер жасасқан елдерді қоспағанда.

*** 2011 жылғы 18 қазанда Санкт-Петербургте жасалған Еркін сауда аймағы туралы шарт және 2013 жылғы 31 мамырда Минскіде жасалған 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шартты оның Тараптары мен Өзбекстан Республикасы арасында қолдану туралы хаттама күшіне енген елдер.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 17 ақпандағы
№ 81 бұйрығына
2-қосымша

Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 14.08.2023 № 311-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкету кедендік баждары мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне қатысты әкету кедендік баждары мөлшерлемелерінің көлемін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

- 1) алдыңғы кезең – ағымдағы айдан екі ай бұрын 20-шы күннен бастап ағымдағы айдың алдындағы айдың 20-шы күніне дейінгі уақыт кезеңі;
- 2) ағымдағы ай – әкету кедендік баждарын қолданудың күнтізбелік айы;
- 3) мұнай өнімдері – осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген мұнайдан өндірілген тауарлар;
- 4) шикі мұнай – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) 2709 00 900 9 кодымен жіктелетін шикі мұнай.

2-тарау. Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу тәртібі

3. Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкетілетін кедендік баж мөлшерлемелерінің көлемі былайша есептеледі:

- 1) шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы барреліне 25 Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі - АҚШ) долларына дейін болғанда – әкетілетін кедендік баж мөлшерлемесінің көлемі 0-ге тең;

2) шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы барреліне 25-тен 105 АҚШ долларына дейін болған кезде - әкетілетін кедендік баж мөлшерлемесінің көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ӘКБМ} = \text{Орт} * K,$$

мұнда:

ӘКБМ – шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкетілетін кедендік баж мөлшерлемесінің көлемі, тоннасына АҚШ долларымен;

Орт – алдыңғы кезеңдегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы;

K – түзету коэффициенті 1.

3) шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы барреліне 105 АҚШ долларынан жоғары болған кезде осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген, ағымдағы айда айқындалған алдыңғы кезеңдегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасына сәйкес келетін кедендік әкету баждарының мөлшерлемелерінің бірі қолданылады.

4. Осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, әкету кедендік баждарының мөлшерлемелері шикі мұнай мен мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге қатысты ағымдағы ай ішінде АҚШ долларымен қолданылады.

5. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган):

1) ай сайын алдыңғы кезеңдегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасын есептеуді мынадай түрде жүзеге асырады:

а) биржада бір күн ішінде мұнай шикізаты әлемдік нарықтарында қалыптасқан КЕВСО және BRENT маркалы шикі мұнай бағасының орташа мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Орт}_{к,б} \text{ бір күнде} = [(\text{С}_{к\text{min}} + \text{С}_{к\text{max}}) / 2 + (\text{С}_{б\text{min}} + \text{С}_{б\text{max}}) / 2] / 2,$$

мұнда:

Орт_{к,б} бір күнде – биржада бір күн ішінде КЕВСО және BRENT маркалы шикі мұнай бағасының орташа мәні;

С_{кmin} – биржада бір күн үшін КЕВСО-ның ең төменгі нарықтық бағасы;

С_{кmax} – биржада бір күн үшін КЕВСО-ның ең жоғары нарықтық бағасы;

С_{бmin} – биржада бір күн үшін BRENT-тің ең төменгі нарықтық бағасы;

С_{бmax} – биржада бір күн үшін BRENT-тің максималды нарықтық бағасы;

б) алдыңғы кезеңдегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Орт} = \sum \text{С}_{рнк,б} / n,$$

мұнда:

Орт – алдыңғы кезеңдегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы;

ΣС_{рнк,б} – алдыңғы кезең ішінде осындай баға белгілеулер жарияланған күндердегі КЕВСО және BRENT маркалы шикі мұнай бағасының орташа мәндерінің сомасы;

n – алдыңғы кезең ішінде осындай баға белгілеулерді жариялау күндерінің саны.

2) әкету кедендік баждары қолданылатын айдың алдындағы айдың 28-күнінен кешіктірмей өзінің ресми интернет-ресурсында алдыңғы кезеңдегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы туралы ақпаратты орналастырады.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген формулалар бойынша жүргізілген есептеулердің нәтижелері бүтін санға дейін математикалық дөңгелектенеді.

7. Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге мынадай жағдайларда әкету кедендік баждары салынбайды:

1) шикі мұнай мен мұнай өнімдерін әкетуді кедендік әкету баждарын төлеуден босатуды көздейтін Қазақстан Республикасында екіжақты немесе көпжақты шарттар жасалған елдерге әкету;

2) жер қойнауын пайдаланушылар 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметімен немесе құзыретті органмен жасалған және шикі мұнайды әкетуді кедендік әкету баждарын төлеуден босату көзделген міндетті салықтық сараптамадан өткен өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша өздері өндірген шикі мұнайды әкету;

3) жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар әкететін шикі мұнайды қоспағанда, шикі мұнайды кедендік әкету баждарын төлеуден босату көзделген өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) болып табылмайтын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша өздері өндірген шикі мұнайды әкету;

4) күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, Каспий теңізінің қазақстандық секторында толық орналасқан Теңіз кен орындары бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде өндірілген шикі мұнайды әкету:

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 2031 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы барреліне 95 доллардан төмен болған кезде;

2032 жылғы 1 қаңтардан бастап 2036 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы барреліне 100 доллардан төмен болған кезде;

2037 жылғы 1 қаңтардан бастап 2041 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы барреліне 105 доллардан төмен болған кезде;

2042 жылдың 1 қаңтарынан бастап шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы барреліне 110 доллардан төмен болды.

Каспий теңізінің қазақстандық секторында толық орналасқан Теңіз кен орындары бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде өндірілген әкетілетін шикі мұнайдың көлемі, сондай-ақ осындай Теңіз кен орындарының атаулары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 191 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17072 болып тіркелген) Мұнай беру кестесін қалыптастыру қағидаларына (бұдан әрі – Мұнай беру кестесін қалыптастыру қағидалары) сәйкес көмірсутектер

саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органға ай сайын жіберетін мұнайды жеткізу кестесімен айқындалады.

5) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жасалған күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттар бойынша өздері өндірген шикі мұнайды жер қойнауын пайдаланушылардың әкетуі.

Осы тармақшаның ережелері жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт шеңберінде өндірілген көмірсутектерді әкету басталатын кезеңнен бастап мыналар ішінде қолданылады:

күнтізбелік жиырма жыл – күрделі теңіз жобалары мен құрлықтағы газ жобалары бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша;

күнтізбелік он жыл – құрлықтағы күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша.

Күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттар шеңберінде өндірілген әкетілетін шикі мұнайдың көлемі, сондай-ақ осындай кен орындарының атаулары Мұнай беру кестесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органға ай сайын жіберетін мұнайды жеткізу кестесімен айқындалады.

Шикі мұнай мен мұнай
өнімдеріне әкету кедендік
бажы мөлшерлемелерінің
көлемін есептеу қағидаларына
1-қосымша

Шикі мұнайдан өндірілген тауарлар

Мұнай өнімдері	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды
Ашық түсті мұнай өнімдері	2710 12, 2710 19 110 0 – 2710 19 290 0, 2710 19 42, 2710 19 460 0
Қара түсті мұнай өнімдері	2710 19 310 0, 2710 19 350 0, 2710 19 480 0, 2710 20 190 0, 2710 19 510 1, 2710 19 510 9 – 2710 19 550 9

Шикі мұнайға және мұнай
өнімдерге а әкету кедендік
бажы мөлшерлемелерінің
көлемін есептеу қағидаларына

Шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажының мөлшерлемелері

№	Алдыңғы кезеңдегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы, барреліне Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі - АҚШ) доллары	Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне әкету кедендік бажының мөлшерлемесі, 1 тонна үшін АҚШ доллары
1.	105-тен 115-ке дейін	115
2.	115-тен 125-ке дейін	130
3.	125-тен 135-ке дейін	145
4.	135-тен 145-ке дейін	160
5.	145-тен 155-ке дейін	176
6.	155-тен 165-ке дейін	191
7.	165-тен 175-ке дейін	206
8.	175-тен 185-ке дейін	221
9.	185 және одан жоғары	236

Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидаларына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Әкету кедендік баждары қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 405 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11473 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 шілдеде жарияланған);

2. "Әкету кедендік баждары қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы

27 мамырдағы № 405 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 755 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12388 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 желтоқсанда жарияланған);

3. "Әкету кедендік баждары қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 405 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 18 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12895 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 29 қаңтарда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК